

Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданында шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық мәслихатының 2022 жылғы 9 тамыздағы № 22-8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 тамызда № 29119 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Тұрар Рысқұлов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда шетелдіктер үшін туристерді орналастыру орындарындағы туристік жарнаға Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданында болу құнының 0 (нөл) пайыз мөлшерлемесі бекітілсін.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Е. Абуталипов